



Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес білім алушыларды ауданның (ауылдың, қаланың) тарихымен, тарихи-мәдени, археологиялық ескерткіштерімен таныстыру, туған жердің тарихын, мәдени ескерткіштерін, табиғи ерекшеліктерін білуге деген қызығушылығын арттыру мақсатында 2026 жылдың 24 сәуір күні «Туған өлке – тұнған шежіре» атты аудандық бейнесабактар байқауы өтетіндігін хабарлайды.

Осыған орай, аталған іс-шараға тарих, география пәні мұғалімдерінің қатысуын қамтамасыз етулеріңізді және бейнесабактарға қатысу туралы өтінімді, сабақтың қысқа мерзімді жоспарын, бейнесабактарды 2026 жылдың 22 сәуіріне дейін әдіскер Г.Жамалбековаға жолдауларыңызды сұрайды.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Мектебі, сыныбы, қатысқан оқушының саны	Сабақтың тақырыбы	Электронды поштасы, байланыс телефоны	Сабақтың сілтемесі

Басшының м.а

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Жамалбекова

87021731498



Бекітемін
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшының м.а
Б.Самылтыров

**«Туған өлке -тұнған шежіре» атты аудандық
бейнесабақтар байқауын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1.Жалпы ереже

1.1. «Туған өлке-тұнған шежіре» атты аудандық бейнесабақтар байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі сабақтың мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. **Іс-шараның мақсаты** - білім алушыларды ауданның, ауылдың тарихымен, тарихи-мәдени, археологиялық ескерткіштерімен таныстыру, туған жердің тарихын, мәдени ескерткіштерін, табиғи ерекшеліктерін білуге деген қызығушылығын арттыру. Өлкенің тарихи маңызы бар жерлері немесе нысандары туралы деректі материалдарды (бейнетүсірілімдер, бейнесабақтар т.б.) білім алушылармен педагогтардың сабақта, түрлі іс-шара өткізу барысында (реферат жазу, пәндік викториналар, ойын-сайыстар, олимпиадалар т.б.) қолдануы үшін каналға орналастыру.

1.3 Сабақтың міндеттері:

- Мектеп білім алушыларының шығармашылық, танымдық, интеллектуалдық бастамаларын белсендіру;
- Білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру, туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге деген қызығушылығын арттыру.
- Білім алушылардың тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру.

1.4. «Туған өлке-тұнған шежіре» атты аудандық бейнесабақтарды Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі ұйымдастырады.

2. Бейнесабақтарды өткізу мерзімі

2.1. Бейнесабақтар байқауы 2026 жылдың 24 сәуірінде өткізіледі. Үздік бейнесабақтар аудандық «Тарих тағылымы» каналына орналастырылады. Сабақты аудан мектептеріндегі тарих, география пәндерінің мұғалімдері өткізеді.

2.2. Аудандағы білім беру мекемелерінен бейнесабақтар электрондық түрде ұсынылуы қажет. Сұраныстар мен байқау жұмыстары (сабақ жоспары) қағаз жүзінде (сабақтың бейне көрсетілімі, сілтемесімен) жазып 2026 жылдың 22 сәуіріне дейін аудандық білім бөліміне жолдау қажет.

3. Бейнесабактар байқауына қатысушылар

3.1. Аудандар мектептеріндегі тарих, география пәнінің мұғалімдері қатысады.

Бейнесабактың уақыты 15-20 минут. Демонстрациялық материалдарды (сабақ жоспары, слайдтар, видеолар, бейнесабактар және т.б.) қолдануға болады.

Күтілетін нәтиже: «Туған өлке-тұнған шежіре» атты бейнесабактар арқылы мектеп білім алушылары аудандағы тарихи-мемориалдық және тарихи-мәдени орындармен танысады, археологиялық құзіреттіліктері қалыптасады, тарихи мәдени ескерткіштерге құрметпен қарауды сезінеді. Ұсынылған бейнесабактар аудандық «Тарих тағылымы» каналына жүктеледі.

4. Қатысушыларды марапаттау

Үздік бейнесабактардың иелеріне I, II, III дәрежелі дипломдар мен алғыс хаттар беріледі.